

**Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 3-6 "Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-3 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 10 тамыздағы № 4-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 тамызда № 4531 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 ақпандағы № 44-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек аудандық мәслихатының 20.02.2020 № 44-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес, Зеленов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 3-6 "Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-3 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4453 тіркелген , 2016 жылғы 20 маусымдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспе бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес, Зеленов аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";**

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зеленов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-3 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4368 тіркелген, 2016 жылғы 6 мамырдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: "

үшінші абзац орыс тілінде өзгертіледі, мемлекеттік тілде мәтіні өзгертілмейді

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Г.А. Терехов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Хайруллин*

*Р. Исмагулов*